

8D01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Баймухамбетова Куралай Мыктыбековнаның **«Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау»** тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттер және оларды шешу» атты Қазақстан халқына жолдауының жетінші маңызды міндетінде экономиканы жан-жақты цифрлық жаңғырту жұмыстары адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер жүктеп, жасанды интеллект дәуірінде адам капиталын қалыптастырудың маңызын ерекше атап өткен. 2025 жылғы мемлекет басшысының жолдауында көтерілген мәселелер - Қазақстанның білім, ғылым және еңбек нарығын цифрлық дәуірге бейімдеуге бағытталған кешенді стратегиялық қадамдар. Бұл жолдаудағы жетінші міндет болашақ маманның адами капиталын дамытуға, инновациялық әлеуетін арттыруға және жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Ел президентінің жолдауда көрсеткен бұл бастамалары докторанттың диссертациялық жұмысының зерттеу болжамын нақтылауға толық сәйкес келеді. Яғни, қазіргі уақытта инновациялық үдерістің, инновациялық кәсіби әрекеттің бар екендігін көрсете отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау қажет. Сондықтан қазіргі уақытта заманауи оқыту жүйесімен жұмыс жүргізу бағытындағы мұғалімнің инновациялық кәсіби іс-әрекеті ерекше мәнге ие болып отыр. Әсіресе, ЖОО-да болашақ бастауыш мұғалімдеріне қазақ тілін оқыту үдерісінде өзекті. Осыған байланысты, қоғамның заманауи талаптарына сәйкес қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау қажеттілігі айқындалады. Докторанттың зерттеу жұмысы аталған өзекті мәселені шешуге бағыттталып, зерттеу жұмысының мақсаты, оған қол жеткізуге бағытталған міндеттері, нысаны мен пәні, болжамы, колданылған әдістер дұрыс әрі нақты берілген.

Докторант Куралай Мыктыбековнаның диссертациялық жұмысы үш өзара байланысты тараудан тұрады, олардың әрқайсысы зерттелетін мәселені ашып, теориялық және практикалық тұжырымдарды негіздейді. Бірінші бөлімде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесінің зерттелуі анықтамасы беріліп, Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» түсінігінің мәні мен құрылымы нақтыланып, болашақ бастауыш мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда қазақ тілін оқытудың

қазіргі жайы баяндалған. Екінші бөлімде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған. Сонымен бірге, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі берілген. Ал үшінші бөлімде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың анықтаушы диагностикасы көрсетіліп, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау бойынша қалыптастыру экспериментінің мазмұны мен ұйымдастырылуы және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері жан-жақты талдау арқылы дәлелденген. Сонымен қатар, эксперимент нәтижелері сапалық және сандық әдістермен қорытындыланған.

Диссертациялық зерттеуінің негізгі тұжырымдары теориялық және практикалық нәтижелері Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, ҚР БЖҒМ білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Отандық және шетелдік халықаралық конференция материалдарында (жеке және қоса авторлық бойынша) 16 ғылыми еңбектері жарық көрген. Зерттеу кезеңінде жарияланған ғылыми мақалалар мен әзірленген оқу құралы диссертацияның ғылыми және қолданбалы маңыздылығын арттыра түседі деп есептеймін.

Зерттеу шеңберінде 6В01301-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасына арналған «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасын дайындап, тәжірибеден өткізген. «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» тақырыбында оқу құралын дайындап, оқу үдерісіне енгізген. Оқу құралына авторлық куәлік алған (№ 2962. 22.04.2024).

Зерттеу барысында қарама-қайшылықтарды шешу жолдары жүйеленіп, соның негізінде құрылымдық-мазмұндық модель әзірленіп, оның тиімділігін дәлелдеу үшін әдістемелік жүйе ұсынылған. Аталған нәтижелерді докторанттың ғылыми ізденісіндегі маңызды жетістік ретінде бағалаймын.

Баймухамбетова Куралай Мыктыбековна зерттеуші ретінде қорытындыларының дербестігімен, материалды таңдаудағы тиянақтылығымен, дереккөздерге объективті баға беруге ұмтылуымен ерекшеленеді. Мазмұны логикалық бірізділікпен құрылып, ғылыми талаптарға сай нақты әрі түсінікті тілде баяндалған. Докторант зерттеу мәселесіне қатысты теориялық тұжырымдарды кешенді түрде талдап, тиісті оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерге шынайы сараптама жүргізген. Өз көзқарасы мен практикалық тәжірибесін негізді түрде қорыта білген. Диссертациялық жұмыстың қорытындысы мен қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары жеткілікті деңгейде дәлелденген. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің тәжірибелік құндылығы жоғары және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай келеді. Диссертациядағы маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми зерттеулерге сілтемелер жасау арқылы расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмысты саралау мен шолуға жеткілікті деп санаймын.

Қорытындылай келе, Баймухамбетова Куралай Мыктыбековнаның «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы докторлық диссертация жұмысын 8D01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп қорытынды пікірімді білдіремін.

Отандық ғылыми кеңесші
І. Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті, п.ғ.д., профессор



К.Т.Ыбыраимжанов

